# Украина Президентінің Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 ақпан N 138

Украина Президентінің Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-украина ынтымақтастығын дамытуды одан әрі қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Украина Президентінің 1995 жылғы қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары шаралардың жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы жөнінде жылына кемінде бір рет хабарлап отырсын.

4. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-украина комиссиясының Қазақстан бөлігі министрліктер мен ведомстволардың қол жеткен қазақстан-украина келісімдері мен уағдаластықтарын іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 1 ақпандағы
N 138 қаулысымен
бекітілген

Украина Республикасының Президенті Л.Кучманың
1995 жылғы 21-23 қыркүйектегі Қазақстан
Республикасына ресми сапары барысында, қол
қойылған келісімдерді жүзеге асыру жөніндегі

шаралардың
Жоспары

| N | Шаралардың атауы | Орындалу мерзімі | Қазақстан жағынан орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Қазақстан Республикасының Украинамен арадағы өзара достық қарым-қатынастарын одан әрі дамыту мен тереңдету туралы бірлескен коммюнике | | |
| 1. | Қазақстан мен Украинаның арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған келіссөздер жүргізу және нақты ұсыныстарды дайындау, өзара саудадағы кедергі. лерді жою және капитал мен көрсетілетін қызметтердің еркін жылжуы үшін қажетті жағдайларды жасау | 1996 жылдың 1 тоқсаны | Мемынтымақкомы Экономмині Өнеркәсіпсауда. мині Кеденкомы |
| 2. | Экономикалық ынтымақтастық саласындағы қолда бар резервтерді іздестіруге бағытталған кешенді бағдарламаны әзірлеу, мемле. кеттің өнеркәсіп және ғылыми-техникалық әлеуетіндегі бар байланыстарды жетілдіру және жаңа нысандарын іздестіру, сондай-ақ қазіргі заман технология. сымен дүниежүзілік нарықтарға шығу үшін бірлескен құрылымдарды жасау | 1996 жылдың қаңтар-ақпаны | Өнеркәсіпсауда. мині Экономмині Қаржымині Мемынтымақ. комы Ғылыммині |
| 3. | Қазақстан Республикасындағы | 1996 жылдың | Мемұлткомы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | украиндардың және Украинадағы<br>қазақтардың рухани және мәдени<br>қажеттіліктерін қанағаттан.<br>дыруға бағытталған тиісті<br>бағдарламаларды дайындау | II тоқсаны | Мәдениетмині<br>Әлеуметмині<br>Еңбекмині<br>Біліммині<br>Жастурспортмині |

Қазақстан Республикасы мен Украинаның арасындағы
экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту және
кеңейту туралы келісім

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Экономикалық ынтымақтастық<br>жөніндегі үкіметаралық қазақ.<br>стан-украина комиссиясын құру<br>және оның 1996 жылға арналған<br>жұмыс жоспарын әзірлеу | 1996 жылдың<br>қараша<br>желтоқсаны | Мемынтымаққомы<br>Экономмині<br>Өнеркәсіп.<br>саудамині |
| 5. | Сауда-экономикалық ынтымақтастық<br>жөніндегі үкіметаралық қазақстан.<br>украина комиссиясына экономикалық<br>тұтасудың негізгі принциптері мен<br>бағытын әзірлеу, өз мәжілістерінде<br>жылына екі рет 1994-2000 жылдар.<br>дағы ауыр өнеркәсіп салаларындағы<br>екі елдің Экономикалық тұтасуы<br>бағдарламасын жүзеге асыру барысын,<br>тауар айналымының жай-күйін, екі<br>ел арасындағы тауар айырбасын<br>кеңейтудің құрылымы мен<br>перспективаларын қарау | 1996 жылдың<br>I тоқсаны<br><br><br><br><br>жарты<br>жылдықта<br>1 рет | Мемынтымаққомы<br>Экономмині<br>Өнеркәсіп.<br>саудамині<br>Қаржымині |
| 6. | 1994 жылғы 17 қыркүйектегі еркін<br>сауда туралы Қазақстан мен Украина<br>келісіміне еркін сауда режимінен<br>алу туралы Хаттаманы дайындау және<br>қол қою | 1996 жылдың<br>I тоқсаны | Экономмині<br>Өнеркәсіп.<br>саудамині |
| 7. | Екі елдің заңдар негізін бірегейлен.<br>діру мақсатында сыртқы экономикалық<br>және кедендік қызметті реттейтін<br>заңдар және нормативтік құжаттарды<br>тұрақты алмасу, оларға сараптама<br>жүргізу | жыл бойында | Әділетмині<br>Кеденкомы<br>Экономмині |

| | | |
|---|---|---|
| 8. Әскери өнімдерді өзара жабдықтаудың тізбесі мен көлемдерін жыл сайын келісіп отыру, қорғаныс кәсіпорын. дарының тұтасу байланыстарын дамыту | жыл сайын | Қорғанысмині Экономмині Өнеркәсіп. саудамині |
| 9. Бірлескен кәсіпорындарды, коммер. циялық банктерді құруға, ұлттық капиталдарды пайдаланудың басқа да нысандарын дамытуға жәрдем көрсету | тұрақты түрде | Мемынтымақ. комы Экономмині Ұлттық Банк Қаржымині |
| 10. Көлік пен байланыс саласында ынты. мақтастық туралы келісімді дайындау және қол қою | 1996 жылдың I тоқсаны | Сыртқыісмині Көліккоммині Экономмині |
| 11. Білім беру, кадрларды даярлау, денсаулық сақтау салаларында өзара іс-қимылдардың тәртібі туралы келісімдер жобасын дайындау | | Экономмині Денсаулықмині Біліммині |
| 12. Өзара саудадағы тарифтік және тарифтік емес шектеулерді біртіндеп азайтуға және жоюға бағытталған ұсыныстарды дайындау | 1996 жылдың I тоқсаны | Өнеркәсіп. саудамині Экономмині Қаржымині Кеденкомы |

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметінің арасындағы ғылым мен технология саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

| | | |
|---|---|---|
| 13. Екі елдің академиялық институттары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің арасындағы, ең алдымен, басым бағыттарда машина жасау, геология, металлургия, ғарыш кеңістігін зерттеулер, экология, агроөнеркәсіп кешеніндегі дәстүрлі байланыстарды дамыту | тұрақты түрде | Ғылыммині ҰҒА Ауылшар. академиясы |
| 14. Ғылыми-техникалық ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы екі жақты келісімді әзірлеу және қол қою. Ғылым мен технология саласындағы ынтымақтастық мәселелері | 1996 жылдың I тоқсаны | Сыртқыісмині Ғылыммині |

| | | |
|---|---|---|
| бойынша бірлескен комиссия құру, оның жұмыс регламентін әзірлеу және бекіту | | |
| 15. Мұнай-газ саласындағы екі жақты қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған ұсыныстарды дайындау | 1996 жылдың I тоқсаны | Мұнайгазмині Өнеркәсіп. саудамині Экономмині |
| 16. Ғарыштық зерттеулер саласындағы бірлескен ынтымақтастық туралы бағдарламаны әзірлеу | 1996 жылдың II тоқсаны | Ғылымминінің жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі |

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Украина Қорғаныс министрлігінің арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

| | | |
|---|---|---|
| 17. Тараптардың әскери оқу орындарында әскери қызметшілерді өзара оқыту мүмкіндігін зерделеу және тиісті ұсыныстар дайындау | 1996 жылдың қаңтары | Қорғанысмині |
| 18. Әскери мамандықтары, оқытылатындар. дың санын және олардың оқу мерзім. дерін айқындай отырып, Әскери кадрларды даярлау жоспарын Қазақстан Республикасы мен Украина қорғаныс министрліктері арасында келісу және қорғаныс министрліктерінің қол қоюы | 1996 жылдың наурызы | Қорғанысмині |

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Украинаның Білім министрлігі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

| | | |
|---|---|---|
| 19. Қол қойылған келісімді орындауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстарын және 1996-97 оқу жылына бірлескен хаттаманың жобасын дайындау | 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін | Біліммині |

| | | |
|---|---|---|
| 20. Баламалық алмасу негізінде 1996\97 оқу жылында Украинаның жоғары оқу орындарында оқытылатын мамандықтар мен студенттер санын айқындау жөнінде жұмыс жүргізу; Украина оқу орындарымен тікелей ынтымақтастық орнату үшін мектеп. терді, орта, арнаулы және жоғары оқу орындарын айқындау. Студенттер мен мамандарды өзара іріктеу, жіберу және қабылдау жағдайлары мен тәртібін пысықтау | 1996 жылдың I тоқсаны | |
| 21. Ұйымдастыру және оқу-әдістемелік көмегін көрсету үшін украина жағының жәрдемдесуі арқылы украин тілі оқытылатын Қазақстан Республикасының мектептерін, оқушылардың құрамын және оқу сағаттарының мөлшерін нақтылау. Тарих, география және әдебиет бойынша оқу бағдарламаларының және оқулық. тарының мазмұнын салыстыру жөніндегі бірлескен жұмыс туралы ұсыныстарды дайындау | 1996 жылдың II тоқсаны | Біліммині |
| 22. Қазақстан мен Украинаның оқу орындары беретін білімдер мен мамандықтар туралы құжаттарды өзара тануға байланыс. ты мәселелерді реттеудің тәртібі мен тетігі туралы ұсыныстарды дайындау | тұрақты түрде | Біліммині |
| Екі елдің жоғары заң шығарушы органдары мен үкіметтері қабылдаған шешімдер мен актілер туралы, сондай-ақ министрліктер. дің нормативтік және нұсқаулық-әдістеме. лік құжаттарымен тұрақты түрде ақпарат алмасып отыру | | |

Қазақстан Республикасы мен Украинаның Халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің арасындағы зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы

| | | |
|---|---|---|
| ынтымақтастық туралы келісім | | |
| 23. Келісімнің мәтінін ведомстволық қарауға жататын мекемелердің назарына жеткізу, оны іске асыру барысына бақылау жасау, ақпаратпен тұрақты түрде алмасуды жүзеге асыру | 1996 жылдың I тоқсаны | Әлеуметмині |
| 24. Украинадан Қазақстан Республикасына тұрақты тұратын жерге келетін азаматтарға зейнетақы тағайындауды, қайта есептеу мен төлеуді дер кезінде қамтамасыз ету | тұрақты түрде | Әлеуметмині |
| 25. Қазақстан Республикасынан Украинаға тұрақты тұратын жерге зейнеткерлер көшкен кезде украин жағының сұратуы бойынша зейнеткерлік істерді үш күндік мерзімде қайта жөнелтуді жүзеге асыру | | Әлеуметмині |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК